



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ



Нұсқаулық

Алматы, 2025



Құрметті студенттер, оқытушылар және қызметкерлер!

Құрметті студенттер, қадірлі ұстаздар мен ардақты әріптестер! Жаңа 2025-2026 оқу жылының басталуы - консерваториямыз тарихындағы жаңа парақтың ашылуы. Бұл кезең – тың идеялар мен шығармашылық ізденістердің, шабыт пен жаңашылдықтың уақыты. Әрбір оқу жылы – ілгері қадам ғана емес, ұрпақтар сабақтастығын сезінудің, музыка өнерінің мәңгілік дәстүріне ортақтасудың мүмкіндігі. Консерваториямыз еліміздің рухани құндылықтары мен мәдени мұрасының алтын қазығы болып келеді. Ал бүгін біз өткеннің асылына сүйеніп, болашақты бірге қалыптастырамыз.

Жаңа оқу жылы әрқайсыңызға табысты еңбек, жарқын жетістіктер мен шығармашылық серпіліс әкелсін! Бірлігіміз бен ынтымағымыздың арқасында консерваториямыздың даңқы артып, дәстүрі сақталып, болашаққа нық қадам басатынымызға кәміл сенемін.

**Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық
консерваториясының ректоры**

Г.К. Тасбергенова

**ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
КОНСЕРВАТОРИЯСЫНЫҢ
АКАДЕМИЯЛЫҚ БӨЛІМШЕЛЕРІ**

ВОКАЛ ЖӘНЕ ДИРИЖЕРЛАУ ФАКУЛЬТЕТІ		
ДЕКАН – Бұлтбаева Айзада Зейкенқызы		
Факультетте келесі білім беру бағдарламалары бойынша оқыту жүргізіледі:		
6B02103 - Вокалдық өнер	Өнер бакалавры	1. Опера әншісі, оқытушы 2. Концерттік- камералық әнші, оқытушы 3 Жеке орындаушы, опера әншісі, оқытушы 4 Опералық, концерттік- камералық әнші және оқытушы 5 Жеке орындаушы, опералық, концерттік- камералық әнші және оқытушы
6B02117- Дирижерлау	Өнер бакалавры	1. Хор дирижеры, оқытушы 2. Оркестр дирижеры, оқытушы
АСПАПТЫҚ ОРЫНДАУШЫЛЫҚ ФАКУЛЬТЕТІ		
ДЕКАН–Бекенова Айжан Слямовна		
Факультетте келесі білім беру бағдарламалары бойынша оқыту жүргізіледі:		
Білім беру бағдарламасының шифры және атауы	Дәрежесі беріледі	БІЛКІТІЛГІ
6B02115-Аспаптық орындаушылық/Фортепиано	Өнер бакалавры	1. Жеке орындаушы, оқытушы, концертмейстер
		2.Концерттік орындаушы, оқытушы, концертмейстер

		3.Ансамбль солисті, оқытушы, концертмейстер
Міног «Орган»		4. Органда орындаушы
6B02115-Аспаптық орындаушылық/Ішекті аспаптар	Өнер бакалавры	1. Жеке орындаушы, оркестр және ансамбль әртісі, оқытушы 2. Концерттік орындаушы, ансамбль және оркестр әртісі, оқытушы 3. Оркестр және ансамбль әртісі, оқытушы
6B02115-Аспаптық орындаушылық/Классикалық гитара	Өнер бакалавры	1. Жеке орындаушы, ансамбль әртісі, оқытушы 2. Концерттік орындаушы, ансамбль әртісі 3. Ансамбль әртісі, оқытушы
6B02115-Аспаптық орындаушылық/Ұрмалы және үрмелі аспаптар	Өнер бакалавры	1. Жеке орындаушы, оркестр және ансамбль әртісі, оқытушы 2. Концерттік орындаушы, оркестр және ансамбль әртісі 3. Оркестр және ансамбль әртісі, оқытушы

МУЗЫКАТАНУ, АРТ-МЕНЕДЖМЕНТ ЖӘНЕ ӘГП ФАКУЛЬТЕТІ		
ДЕКАН – Мусагулова Гүлмира Жаксыбековна		
Факультетте келесі білім беру бағдарламалары бойынша оқыту жүргізіледі:		
Білім беру бағдарламасының шифры және атауы	Дәрежесі беріледі	БІЛКТІЛІГІ
6B02114-Музыкатану(түрлері бойынша)	Өнер бакалавры	Музыкатанушы, оқытушы
6B02111- Композиция	Өнер бакалавры	Композитор, оқытушы
6B02123-Арт-менеджмент	Өнер бакалавры	
ХАЛЫҚ МУЗЫКАСЫ ФАКУЛЬТЕТІ		
ДЕКАН– Габдрахимова Ғазиза Габдрахимқызы		
Факультетте келесі білім беру бағдарламалары бойынша оқыту жүргізіледі:		
Білім беру бағдарламасының шифры және атауы	Дәрежесі беріледі	БІЛКТІЛІГІ
6B02116-Дәстүрлі музыкалық өнер/Домбыра	Өнер бакалавры	1. Жеке орындаушы оркестр әртісі, оқытушы 2. Концерттік орындаушы, оркестр әртісі, оқытушы 3. Оркестр әртісі, оқытушы
6B02116-Дәстүрлі музыкалық өнер/Қобыз және баян	Өнер бакалавры	1. Жеке орындаушы, оркестр әртісі, оқытушы. 2. Концерттік орындаушы, оркестр әртісі, оқытушы 3. Оркестр әртісі, оқытушы
6B02116-Дәстүрлі музыкалық өнер/Халық әні	Өнер бакалавры	Әнші, оқытушы

Ғылыми кеңес мәжілісінде

Бекітілген:

№ 09 хаттама 26 наурыз 2025 жыл

Құрманғазы атындағы

ҚҰК ҰК төрағасы

Г. Тасбергенова



2025-2026 оқу жылына арналған

Академиялық күнтізбе

БАКАЛАВРИАТ

Күндізгі бөлім	
Оқу процесі	Күні
Таланткерлерді қабылдау	9 – 25 тамыз
Бағдарлау аптасы	25 - 31 тамыз
КУЗГІ-ҚЫСҚЫ СЕМЕСТР	
Білім күні	1 қыркүйек
Теориялық оқыту	01.09.25 – 14.12.25
1 аралық бақылау (теориялық оқытумен қатар)	20.10.25 – 25.10.25
2 аралық бақылау (теориялық оқытумен қатар)	08.12.25 – 13.12.25
Емтихан сессиясы, оның ішінде Мемлекеттік емтихандарды тапсыру және «FX» бағасын алған жағдайда қорытынды бақылауды (емтиханды) қайта тапсыру	15.12.25 – 04.01.26
Қысқы демалыс	05.01.26 – 18.01.26
МЕРЕКЕЛІК КҮНДЕР	
Конституция күні	30 тамыз
Республика күні	25 қазан
Қазақстан Тәуелсіздік күні	16 желтоқсан
Жаңа жыл	1-2 қаңтар
Рождество	7 қаңтар
КӨКТЕМГІ-ЖАЗҒЫ СЕМЕСТР	
Теориялық оқыту	19.01.26 – 03.05.26
1 аралық бақылау (теориялық оқытумен қатар)	09.03.26 – 14.03.26
2025-2026 оқу жылына элективті пәндерге жазылу	06.04.26 – 25.04.26
2 аралық бақылау (теориялық оқытумен қатар)	27.04.26 – 02.05.26
Емтихан сессиясы, оның ішінде Мемлекеттік емтихандарды тапсыру және «FX» бағасын алған жағдайда қорытынды бақылауды (емтиханды) қайта тапсыру:	
1 курс, оның ішінде Қазақстан тарихы бойынша Мемлекеттік емтихан тапсыру	04.05.26 – 24.05.26
2,3 курстар	04.05.26 – 24.05.26
4 курс	04.05.26 – 17.05.26
Қорытынды аттестаттау: Мемлекеттік емтихан тапсыру және дипломдық жұмыстарды (жобаларды) қорғау	18.05.26 – 14.06.26
МЕРЕКЕЛІК КҮНДЕР	
Халықаралық әйелдер күні	8 наурыз
«Наурыз» мерекесі	21-22-23 наурыз
Қазақстан халықтарының бірлігі күні	1 мамыр
Отан қорғаушылар күні	7 мамыр
Жеңіс күні	9 мамыр
Астана күні	6 шілде

Кәсіптік практика	
Оқу практикасы: Барлық білім беру бағдарламалары (бұдан әрі – БББ) үшін — 2-семестрде аптасына 4 сағат	теориялық оқытумен қатар (19.01.26 – 03.05.26)
Өндірістік практика*: • Вокалдық өнер, Дирижерлеу (түрлері бойынша), Композиция, Музыкатану (түрлері бойынша), Дәстүрлі музыкалық өнер (бұдан әрі – ДМӨ), Арт-менеджмент білім беру бағдарламалары (БББ), сондай-ақ Әскери-үрмелі оркестрді дирижерлеу бойынша бірлескен білім беру бағдарламасы (ББББ) үшін – 4 және 6 семестрлерде аптасына 4 сағат; • Аспаптық орындаушылық (фортепиано) БББ үшін – 5 және 6 семестрлерде аптасына 4 сағат; • Аспаптық орындаушылық (түрлері бойынша) БББ үшін – 7 және 8 семестрлерде аптасына 6 сағат; • Дәстүрлі музыкалық өнер БББ үшін – 8 семестрде аптасына 6 сағат; • Арт-менеджмент БББ үшін – 8 семестрде аптасына 4 сағат.	теориялық оқытумен қатар (01.09.25 – 14.12.25/19.01.26 – 03.05.26)
Педагогикалық практика: • Вокалдық өнер, Дирижерлеу (түрлері бойынша), Композиция, Музыкатану (түрлері бойынша), Дәстүрлі музыкалық өнер (ДМӨ), Аспаптық орындаушылық (үрмелі, ішекті аспаптар және классикалық гитара) БББ үшін – 5-6 семестрлерде аптасына 4 сағат; • Вокалдық өнер, Дирижерлеу (түрлері бойынша), Композиция, Музыкатану (түрлері бойынша), Дәстүрлі музыкалық өнер (ДМӨ), Аспаптық орындаушылық (түрлері бойынша) БББ үшін – 7-семестрде аптасына 4 сағат.	теориялық оқытумен қатар (01.09.25 – 14.12.25/19.01.26 – 03.05.26)
Дипломалды практика: • «Музыкатану (түрлері бойынша)», «Композиция», «Арт-менеджмент» БББ үшін 8-ші семестрде аптасына 6 сағаттан; • «Дирижерлеу (түрлері бойынша)» БББ үшін 8-ші семестрде аптасына 4 сағаттан.	теориялық оқытумен қатар (19.01.26 – 03.05.26)
Жазғы семестр	25.05.26 – 05.07.26
Жазғы демалыс:	25.05.26 – 31.08.26

* студент жұмысшы ретінде өзінің жұмысы туралы өндірістен (театр, оркестр, мектеп, колледж) ресми анықтама ұсынған жағдайда мамандығы бойынша кәсіптік оқу бағытына (білім беру бағдарламасына) тікелей байланысты қызметкер ретінде осы ұйыммен шарт жасасуға және онда өндірістік практиканы ресімдеуге жол беріледі. Мұндай жағдайда, студент өзі жұмыс істейтін ұйым басшылығынан мінездеме әкелсе, студенттің жұмысы (4 айдан кем емес кезең) өндірістік практика ретінде есептелуі мүмкін.

ЕНГІЗІЛДІ: Академиялық мәселелер жөніндегі проректор  Г. Әбдірахман «6» наурыз 2025 жыл	КЕЛІСІЛДІ: Ғылыми-инновациялық қызмет, шығармашылық даму және халықаралық ынтымақтастық жұмыстар жөніндегі проректордың м.а.  А. Нусупова
	Академиялық мәселелер жөніндегі қызметінің басшысы  Н. Ертаева

	Вокал және дирижерлау факультетінің деканы А. Булбаева
	Аспаптық орындаушылық факультетінің деканы А. Бекенова
	Музыкатану, арт-менеджмент және ӨП факультетінің деканы Г. Мусагулова
	Халық музыкасы факультетінің деканы Г. Габдрахимова

КРЕДИТТІК ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ТҮСІНІКТЕРІ МЕН ТЕРМИНДЕРІ

1. Академиялық ұтқырлық – білім алушыларды немесе оқытушы-зерттеушілерді белгілі бір академиялық кезеңге (семестр немесе оқу жылы) басқа жоғары оқу орнына (ел ішінде немесе шетелде) академиялық кредиттер түрінде игерген білім беру бағдарламаларын, пәндерін міндетті түрде қайта сынақ ретінде тапсыра отырып өз ЖОО-сында немесе басқа ЖОО-да білімін жалғастыру немесе зерттеулер жүргізу үшін ауыстыру;

2. Оқу жетістігін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі – бұл білім деңгейін балл түрінде бағалайтын халықаралық әріптік жүйеге сәйкес және білім алушылардың рейтингісін анықтауға мүмкіндік беретін жүйе.

3. Білім алушылардың қорытынды аттестациясы – бұл оқып-меңгеру деңгейін немесе білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында қарастырылған оқу пәндерінің көлемін анықтау мақсатында өткізілетін жұмыс түрі.

4. Оқытудың кредиттік технологиясы – білім алушылардың пәндерді және (немесе) модульдерді зерделеу дәйектілігін академиялық кредиттер жинақтай отырып, таңдауы және дербес жоспарлауы негізінде оқыту;

5. Білім алушылардың аралық аттестациясы – бұл білім алушылардың белгілі бір пәннің жартылай немесе толық көлеміне оқып аяқтағаннан кейінгі меңгеру сапасын бағалау мақсатында өткізілетін жұмыс түрі.

6. Білім алушының ағымдық үлгерімін бақылау – академиялық кезең бойына оқу кестесіне сәйкес оқытушының аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтарда кәсіби оқу бағдарламасына сай студенттердің білімін жүйелі түрде тексеру;

7. Транскрипт (Transcript) – кредиттер мен бағаларды көрсететін тиісті оқу кезеңі ішіндегі игерілген пәндер тізбесі мен оқу жұмысының басқа түрлерінен құралған құжат; Пререквизиттер (Prerequisite)-оқытылатын пәнді игеру үшін қажетті білім, икемділіктер мен дағдыларды қамтитын пәндер;

8. Пререквизиттер (Prerequisite) (пререквизит) – пәндер және (немесе) модульдер және зерделенетін пәнді игеруге қажетті білімнен, іскерліктен, дағдылар мен құзыреттерден тұратын оқу жұмысының басқа түрлері;

9. Аралық бақылау – бір оқу пәнінің ірі бөлімін (модулін) аяқтағанда білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау;

10. Үлгерімнің орташа балы (Grade Point Average - GPA) – таңдап алған бағдарлама бойынша белгілі бір оқу кезеңі ішінде білім алушының қол жеткізген білім деңгейінің орташа өлшемді бағасы (осы оқу кезеңі ішіндегі кредиттердің жалпы санына пәндер бойынша аралық аттестаттау бағалары балдарының сандық эквивалентіндегі кредиттердің жалпы сомасының қатынасы);

11. Эдвайзер (Advisor) – тиісті мамандық бойынша білім алушының академиялық тәлімгері функциясын атқаратын, оқу траекториясын таңдауына (жеке оқу жоспарының қалыптасуына) және оқу кезеңінде білім беру бағдарламаларын игеруіне ықпал ететін оқытушы;

12. Элективті пәндер – жоғары оқу орны компонентіне және белгіленген академиялық кредиттер шеңберінде таңдау компонентіне кіретін және білім беру ұйымы енгізетін, білім алушылардың жеке дайындығын көрсететін, нақты өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескеретін оқу пәндері, қалыптасқан ғылыми мектептер;

13. Емтихан сессиясы – жоғары оқу орындары (бұдан әрі- ЖОО) студенттерінің қорытынды аттестация кезеңі;

ОҚУ ҮДЕРІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Оқу жылы академиялық кезеңнен, аттестация кезеңінен, демалыс және практикадан құралады.

30 апта теориялық оқытуға, апта– студенттің қортынды бақылауына, 4 апта аралық бақылауға бөлінеді.

Оқу семестрі 15 аптадан тұрады. Жазғы семестр 6 аптадан тұрады.

Жазғы семестрдің мақсаты – академиялық қарыздарды немесе оқу жоспарының айырмашылықтарын жою, басқа ЖОО ауысып келген білім алушы оқу пәндері мен кредиттерді меңгеріп өз ЖОО- да есепке алу, оқу жетістігінің орташа балын (GPA) жоғарылату, қос дипломды білім беру аясында өзара байланысты мамандықтарды меңгеру үшін ұйымдастырылады.

Барлық пәндер тапсырмалары бойынша студенттердің оқу жетістіктерін балдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесімен, дәстүрлі бағалау жүйесіне аудару арқылы бағаланады.

Оқу жылы аяқталған соң ЖОО-ны Ғылыми Кеңесінің бекіткен курстан курсқа көшірудің балына (GPA) сәйкес емтихан сессиясының қорытындысы негізінде студенттерді курстан курсқа көшіреді. Бакалавриат бойынша курстан курсқа көшіру баллы:

- 1-курстан 2-курсқа – 2,00;
- 2-курстан 3-курсқа – 2,20;
- 3-курстан 4-курсқа – 2,40.

Курстан-курсқа көшіру балын (GPA) жинай алмаған студентке жазғы семестрде ақылы негізде қажет пәндерді қайтадан оқуға (Қазіргі заман Қазақстан тарихы пәнінен басқа) және емтихан тапсыруға мүмкіндік беріледі.

Емтихан қанағаттанарлық нәтижеге тапсырылса, қорытынды баға қайтадан саналады.

Жазғы семестр қорытындысы бойынша, оқу жетістігінің орташа баллын есептеу кезінде оқу пәндердің соңғы бағалары есепке алынады.

Оқу жылының қорытындылары бойынша, жазғы семестр нәтижелерін есепке ала отырып өту балын жинай алмаған білім алушылар оқу курсына қайта оқуға қалдырылады.

Қайта оқу курсына қалдырылған мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқитын білім алушы әрі қарай оқу кезеңіне білім грантынан айырылады.

Студенттерді оқудан шығару ректордың бұйрығы бойынша рәсімделеді.

Білім алушы ЖЖОКБҰ-дан келесі жағдайларда оқудан шығарылады:

- 1) академиялық үлгермеушілігі;
- 2) академиялық адалдық қағидаттарын бұзғаны үшін;
- 3) Ішкі тәртіп қағидалары мен ЖЖОКБҰ жарғысын бұзғаны үшін;
- 4) білім беру қызметтерін көрсету туралы шарттың талаптарын бұзғаны үшін, оның ішінде ақылы негіздегі оқу құнын төлемеген жағдайда;
- 5) өз еркімен.

Тәжірибе

Білім алушылар, яғни, 1-4 курс студенттері теориялық оқумен қатар кәсіби тәжірибеден өтеді. Кәсіптік тәжірибенің түрлері: оқу-таныстыру (2 семестр), педагогикалық (4, 5, 6 семестр), өндірістік (5, 6, 7 семестр), диплом алдындағы (8 семестр). Тәжірибе барысында білімгерлер алдын ала жасалған шарт бойынша орта, орта арнаулы оқу орындарында және өнер ұйымдарының базасында тәжірибеден өтеді. Нәтижесінде, тәжірибе күнделігін толтыра отырып есеп береді.

Жазғы семестрді ұйымдастыру

Жазғы (қосымша) семестр оқу жылының негізгі семестрлеріне қосымша ұйымдастырылып, 6 аптадан кем болмайды. Жазғы семестрге жазылу көктемгі емтихан сессиясы аяқталғаннан кейін жүзеге асырылады. Жазғы семестрде студенттер мынандай мүмкіндікке ие бола алады:

- ✓ академиялық қарыздарын жоюға;
- ✓ оқу бағдарламасындағы академиялық айырмашылықтарын жоюға;
- ✓ оқу жетістігінің орташа баллын (GPA) жоғарылатуға.

Сонымен қатар білім алушы академиялық ұтқырлық аясында басқа ЖОО-да жекелеген пәндерден білім алуға жазғы семестрді қолдануға болады.

Жазғы семестрде оқыту тек қана ақылы негізде, 1-кредит есебінде іске асады.

1-кредит құны бекітілген оқу мен барлық оқыту кезеңінің кредит санына сәйкестендіріліп есептелінеді.

Білім алушының академиялық ұтқырлығы

Қазақстан Республикасы Болон декларациясына қосылу құрметіне ие болған және еуропалық білім беру кеңістігінің толық құқықты қатысушысына айналған Орталық Азиядағы бірінші мемлекет болып табылады.

Халықаралық білім беру кеңістігі қозғалысын іске асыратын негізгі мақсаттары:

- ұлттық білім беру бағдарламаларын халықаралық деңгейде мойындау;
- қазақстандық жоғарғы білім беру сапасының халықаралық стандартқа сәйкестігін қамтамасыз ету.

Болон декларациясының маңызды қағидаларының бірі студенттер мен оқытушылардың академиялық ұтқырлығы болып табылады.

Академиялық ұтқырлықтың екі түрі бар:

- ішкі - Қазақстан Республикасының ЖОО білім беру;
- сыртқы - шетел ЖОО оқыту.

Академиялық ұтқырлық студенттерге жаңа біліктілікке ие болуға мүмкіндіктер береді:

- өзіңді жоғары білім беруді ұйымдастырудың басқа жүйесінде сынау;
- Өзара байланысты салаларда қосымша білім алу;
- алға қойған міндеттерді іске асыру үшін шетелдік оқу орындары мен ғылыми орталықтардағы заманауи техникалық құралдарды пайдалану;
- шеттілін меңгеру деңгейін жетілдіру;
- салыстырмалы аспектіде ойлау қабілетін дамыту;
- мәдениетаралық қарым-қатынасқа ықпал ету; басқа мәдениеттер туралы білімдерін кеңейту және т. б.

Білім алушыларды академиялық ұтқырлық шеңберінде оқуға жіберу мыналар бойынша жүзеге асырылады:

- 1) республикалық бюджет қаражаты;
- 2) жоғары оқу орындарының ақылы қызметтерді іске асырудан алған кірістері;
- 3) жұмыс берушілердің, әлеуметтік, академиялық және ғылыми серіктестер, халықаралық және отандық қорлардың гранттары және стипендиялар (оның ішінде Эразмус+);
- 4) білім алушылардың жеке қаражаты.

Ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламаларын үйлестіруді және мониторингілеуді ЖОО арасындағы келісімдер базасында оқуды

жоспарлау бөлімінің басшысы тұлғасында Оқу үдерісін жоспарлау және ұйымдастыру қызметі (ОҰЖҰҚ) жүзеге асырады. Білім алушылардың өтінімдері негізінде оқу жоспарлау бөлімінің басшысы басқа ЖОО-мен ынтымақтастық туралы шарт жасасуды ұйымдастырады (өтінім беру бағдарлама басталғанға дейін 3 ай бұрын қаралады).

Құрманғазы атындағы ҚҰК-да халықаралық академиялық ұтқырлық бағдарламаларын үйлестіру мен мониторингілеуді халықаралық бөлім мына құжаттар: университетаралық келісімдер, оқуға арналған үш жақты шарт және шетелдік оқу орнынан шақыру негізінде жүзеге асырады. Бұл ретте серіктес ЖОО және оның білім беру бағдарламалары өз елінде аккредиттелуі тиіс.

Халықаралық бөлім ынтымақтастық аясында жасалған халықаралық шарттарға сәйкес, академиялық ұтқырлық шеңберінде шетелге оқуға жіберу үшін 1-2 курс білім алушылары арасында конкурс ұйымдастырады.

Үміткерлерді конкурстық іріктеудің негізгі талаптары:

- 1) барлық оқу кезеңіндегі «А», «А-», «В+», «В», «В-» бағалары;
- 2) шетелдік жоғары оқу орнына барған жағдайда (қабылдаушы серіктес жоғары оқу орнының талаптарына байланысты) шет тілі бойынша тест тапсырғаны туралы, оқыту бағдарламасына сәйкес келетін деңгей туралы куәландыратын сертификаты (IELTS, TOEFL, Duolingo) болғаны дұрыс;
- 3) жоғары мотивация;
- 4) ҚҰК-ның қоғамдық өміріне белсенді қатысу, өз ЖОО-ын лайықты түрде ұсынуға дайындық;
- 5) білім алушының жеке қасиеттері, психологиялық тұрақтылығы, әлеуметтік бейімделуі;
- 6) коммуникабельділік;
- 7) жақсы физикалық денсаулық (үміткер денсаулық жағдайы туралы медициналық куәлік ұсынады);
- 8) Мамандығы бойынша республикалық немесе халықаралық конкурстардың лауреаты дипломдарының және басқа да сертификаттарының болуы.

Академиялық ұтқырлық шеңберінде оқуға үміткерлерді іріктеу кезінде тең ұпай жинаған кезде артықшылық (келесі ретпен):

- 1) GPA балы жоғары үміткерлер (Grade Point Average – грейд пойнт аверейдж – дипломның орташа балы);
- 2) Шет тілі бойынша жоғары балл жинаған үміткерлер;

3) жетім балалар немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған студенттер;

4) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген (шетелге шығатындар үшін) № 072/у нысаны бойынша медициналық анықтаманы ұсынған, медициналық қорытындыға сәйкес тиісті шетелдік білім беру ұйымдарында оқуға қарсы көрсетілімі жоқ бала кезінен мүгедектер және мүгедек балалар (шетелге шығатындар үшін); Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бар студенттер;

5) көп балалы отбасылардан шыққан үміткерлер.

Серіктес ЖОО-ның ресми шақыруын алғаннан кейін студент таңдалған ЖОО-да оқу үшін жеке оқу жоспарын жасайды және оны шығарушы кафедрамен немесе деканатпен келіседі.

Ұтқырлық бағдарламасы бойынша оқуды растайтын қорытынды құжат транскрипт болып табылады, оның негізінде білім алушыға ECTS типі бойынша кредиттерді қайта есептеудің қазақстандық жүйесіне (кредиттерді аударудың Еуропалық жүйесі) сәйкес кредиттерді міндетті түрде қайта есептеуді жүзеге асырады.

Академиялық демалыстар беру тәртібі

1. Академиялық демалысты рәсімдеу үшін білім алушы консерватория ректорының атына өтініш береді және оқуды уақытша үзудің негізділігін растайтын құжаттарды тапсырады.

2. Білім алушыға академиялық демалыс мынадай негізде беріледі:

➤ *амбулаториялық – емханалық ұйым жанындағы дәрігерлік-консультациялық комиссияның (бұдан әрі-ДКК) қорытындысы бойынша сырқатына байланысты ұзақтығы 6 айдан 16 айға дейін ;*

3. Сондай-ақ білім алушыға академиялық демалыс мынандай негіздерде берілуі мүмкін:

➤ *Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери қызметке шақыру қағазы болғанда;*

➤ *босағанда, ұл немесе қыз бала асырап алғанда-заңнамада белгіленген жағдайларда ұзақтығы 3 жылға дейін;*

➤ *заңнамада көзделген өзге де жағдайларда.*

4. Білім алушы академиялық демалыстан келген соң консерватория ректорының атына өтініш береді.

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ

Консерватория студенттерінің оқуға қатысуы мен үлгерімі «Platonus» ААЖ (<https://platonus.conservatoire.kz/index>) арқылы жүргізіледі. «Platonus» ААЖ рейтингтік және аралық бақылау нәтижелері есепке алынады.



<https://platonus.conservatoire.kz/index>

1. Ағымдық бақылау

Студенттің (білім алушының) оқу жетістіктері оқу тапсырмаларының барлық түрлерінен ЖОО бақылау және білімді бағалау мемлекеттік жалпыға бірдей білім беру стандартына сай, дәстүрлі шкалаға ауыстырылған білім алушылардың оқу жетістіктері бағалардың балдық-рейтингтік әріптік жүйесімен (1 қосымша) бағаланады.

Студенттің оқу үлгерімінің ағымдық бақылауы оқу пәні бойынша өткізіліп, аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтардың білім қорытындысы қоса ескеріледі. Әрбір орындалған тапсырма (ағымдық сабақтарда жауап беру, үй тапсырмасын тапсыру, студенттің өзіндік жұмысы, аралық бақылау) 100 баллдық шкала бойынша бағаланады.

Оқу үлгерімінің ағымдық бақылау бағасы (рұқсат ету рейтингі пән бойынша қорытынды бақылаудың 60% құрайды, ал қорытынды бақылаудың (емтихан) бағасы пән бойынша білімінің қорытынды бағасының 40% құрайды.

Бір академиялық кезең бойында бір пән аясында аралық бақылау кем дегенде екі рет өткізіледі.

Рейтингтің рұқсат ету бағасы ағымдық және аралық бақылау бағаларынан құрылып, ағымдық аралық және бақылаудың орташа арифметикалық соммасы ретінде анықталады.

Оқу үлгерімінің рейтингтік бақылау қорытынды нәтижесі академиялық кезең бойында алған барлық бағасы орташа арифметикалық жүйемен есептеледі.

Рейтингтен пән бойынша оң баға алмаған студент қорытынды бақылауға (емтиханға) жіберілмейді.

Себетті жағдай болған кезде (денсаулығына байланысты, отбасылық жағдай, Құрманғазы атындағы ҚҰҚ студенттік ұжымдарының гастрольдік сапарларына, конкурс, фестивальдарға қатысу) пән бойынша білім беретін оқытушы декан өкіміне сәйкес рейтинг тапсыру туралы жеке кестесін бекітеді.

1. Аралық аттестаттау

Емтихан сессиясы-академиялық күнтізбеде көрсетілген уақыт аралығында өткізілетін студенттің аралық бақылау кезеңі.

Емтиханда студенттің оқу үлгерімі балдық-рейтингтік әріптік жүйесімен бағаланады.

Емтиханды сынақ кітапшасы болған жағдайда қабылдауға рұқсат етіледі.

Пән бойынша әр емтихан соңында студентке қорытынды баға қойылады, бұл оқу үлгерімінің қорытындысы болып саналады.

Пән бойынша қорытынды бағаға рейтингтік рұқсат ету мен қорытынды бақылау бағасы қосылады.

«Қанағаттанарлықсыз» бағаны оң бағаға қайтадан тапсыру келесі академиялық кезеңде немесе жазғы семестрде ақылы түрде іске асады.

Қорытынды бақылауға қанағаттанарлық бағаны көтеру мақсатында осы аралық аттестаттау кезеңінде қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

Оң баға алу үшін білім алушылар келесі академиялық кезеңдердің бірінде жазғы семестрде сол пән бойынша оқу жұмыс жоспарында қарастырылған барлық сабақ түрлеріне қатысып, рұқсат алады және қорытынды бақылау тапсырады.

Егерде студент пән бойынша бағдарламаны толық көлемде орындап, емтиханға келмесе, емтихандық ведомостқа «келген жоқ» деген баға қойылады. Себепті жағдай болған кезде факультет деканының өкімімен емтихан тапсыру туралы жеке кесте белгіленеді.

Сонымен қатар, факультет деканының өкімімен студентке мына жағдайларда емтихан сессиясын тапсыру туралы жеке кесте бекітіледі: денсаулығына байланысты, отбасылық жағдайы, Құрманғазы атындағы ҚҰК студенттік ұжымдарының гастрольдік сапарларына, конкурс, фестивальдарға қатысу.

Конкурс, фестивальдарға қатысуға факультет деканына растаушы құжат ұсынылған кезде (мамандық бойынша оқытушының мәлімдемесі) ғана рұқсат етіледі. Факультет деканының өкімі конкурс, фестивальдарға қатысқан туралы айғақ болып табылады.

Емтихан сессиясын жеке кесте бойынша тапсыруға рұқсат алу үшін факультет деканынан мына себептер бойынша растайтын құжаттар ұсынылады: денсаулығы туралы, бала тууы туралы, туысының қаза болуы туралы, Құрманғазы атындағы ҚҰК студенттік ұжымдарының гастрольдік сапарларына, конкурс, фестивальдарға қатысуы туралы.

Қорытынды бақылау нәтижесімен келіспейтін білім алушы, емтихан өткен күннен келесі жұмыс күнінен кешікпей апелляцияға бере алады.

«FX» «қанағаттанарлықсыз» бағасын алғанда оқу пәнінің (модульдің) бағдарламасын қайталап өтпей-ақ ЖЖОКБҰ-ның академиялық күнтізбесіне сәйкес қорытынды бақылауды (емтиханды) бір реттен артық емес қайта тапсыруға рұқсат беріледі.

«F» белгісіне сәйкес келетін «қанағаттанарлықсыз» бағасын алғанда білім алушы осы оқу пәніне (модульге) қайта жазылады, оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысады, бағдарламаға сәйкес оқу жұмысының барлық түрлерін орындайды және қорытынды бақылауды тапсырады.

ЖЖОКБҰ-дан шығарылған білім алушыға ЖЖОКБҰ-ның бірінші басшысы қол қойған және мөрмен бекітілген транскрипт жазылады.

Транскрипте FX және F бағаларымен қоса барлық қорытынды бағалары көрсетіліп, білім алушы игеріп алған барлық оқу пәндері және (немесе) модульдер жазылады.

ГРА САНАУ (оқу жетістігінің орташа баллы)

Оқу жетістіктері бағаларының балдық-рейтингтік әріптік жүйесіне сәйкес (№1 қосымша) оқу жылындағы әр пәннің кредиттер саны сандық эквивалентіне көбейтіледі. Әр қарай барлық сандық

эквиваленттің қосындысы барлық кредиттер санына бөлінеді.
Мысалы:

Пәндер	Кредиттер саны	Сандық эквивалент	Сандық эквивалент қорытындысы
Информатика	3	3,0	9
Қазақ тілі	2	3,67	7,34
Әлеуметтану	2	4,0	8
Экология	2	3,0	6
Музыка тарихы	2	2,0	4
Фортепиано	1	4,0	4
Барлығы	12		38,34

$$\frac{38,34}{12} = 3,2a$$

12 бірл.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың дәстүрлі бағалар шкаласы және ECTS (иситиэс) аударылған балдық-рейтингтік әріптік жүйесі

Әріптік жүйе бойынша бағалар	Балдардың сандық эквиваленті	Балдар (%-дық құрамы)	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалар
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	Қанағаттанарлық
D+	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	
F	0	0-24	Қанағаттанарлықсыз

СТУДЕНТТІК ӨМІРДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ҚОЛДАУ

Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясында студенттік өмірді ұйымдастыру және қолдау үдерісін, студенттер және түлектермен жұмыс бөлімі жүзеге асырады және білім алушылардың білім алуларымен қатар, оқудан тыс уақыттағы қызметін үйлестіруді ұйымдастырады. Қызметтің негізгі бағыттарына оқу іс-әрекетіне, академиялық ортаға бейімделуге, әлеуметтік және психологиялық қолдау көрсетуге байланысты мәселелерді шешуге көмектесу кіреді. Сондай-ақ, бөлім студенттерді уақытша тіркеуді ұйымдастырумен, әскери есепке қоюмен, кураторлық сағаттарды өткізумен және көші-қон қызметтері мен медициналық сақтандыру органдары сияқты сыртқы ұйымдармен өзара әс-әрекетті атқарумен айналысады. Түлектерге жұмысқа орналасуға көмек көрсетуді және оқуды бітіргеннен кейін байланысты қолдауды қоса алғанда, олардың кәсіби жолында қолдау көрсету бойынша қызметтер ұсынылады.

Студенттерді жатақханаға орналастыру тәртібі

Студенттерді жатақханаға орналастыру, әдетте, жатақхана мәселелері жөніндегі комиссия қабылдаған шешімдер негізінде жүзеге асырылады. Комиссияның құрамына оқу орны әкімшілігінің өкілдері, факультет декандары, студенттер кеңесінің мүшелері, сондай-ақ студенттердің жатақханада тұруын ұйымдастыруға жауапты басқа да уәкілетті тұлғалар кіруі мүмкін. Комиссия шешімдері студенттердің қажеттіліктерін, қолжетімді ресурстарды және жатақханалардағы орындарды тиімді бөлуге әсер ететін басқа аспектілерді қоса алғанда, әртүрлі факторларды ескере отырып қабылданады.

Бірінші кезекте жатақханада:

- Басқа қалалар мен аймақтардан келген студенттерге.
- Тұрмыс жағдайы аз қамтылған немесе көп балалы отбасылардан шыққан студенттерге оқу.
- Мүгедектігі бар немесе басқа да ерекше қажеттіліктері бар студенттерге.
- Шетелдік студенттерге және т. б. Топтарға орындар беріледі

Жатақханадан орын алу үшін студенттер белгіленген мерзімде өтініш беруі керек. Әдетте, бұл оқу жылы басталғанға дейін Platonus онлайн платформасы арқылы жасалады. Өтінішпен бірге студент жатақханаға орналасу үшін бірқатар құжаттарды ұсынуы қажет.

- ✓ жеке куәлік көшірмесі
- ✓ тұрғылықты жері туралы ақпарат.
- ✓ медициналық анықтама.
- ✓ әлеуметтік мәртебені растау (жеңілдікті санаттар үшін).

Өтініштер берілгеннен және құжаттар қаралғаннан кейін комиссия жатақханадағы орындарды бөледі. Шешім бос орындардың санына, студенттің санатына және олардың әлеуметтік жағдайына байланысты болуы мүмкін.

Жатақханаға орналастыру жұмысы бекітілгеннен кейін студенттер жатақхана ақысын белгіленген мерзімде төлеуге және жатақханада тұрудың ішкі ережелерімен (күн тәртібі, мүліктің сақталуына жауапкершілік, тыныштық режимі және т.б.) танысуға және оны ұстануға міндетті. Студенттерді қоныстандыру комиссия шешімінен кейін ресімделетін бұйрық негізінде жүргізіледі.

«Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық консерваториясының студенттер жатақханасының ішкі тәртіп ережелері»



<https://surl.lu/jgnwwu>

«Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық консерваториясының білім алушыларына арналған ішкі тәртіп ережесі»



<https://surl.li/kjwrsy>

Студенттерді медициналық қызметке тіркеу

Студенттерді емханаға «Е-gov» электронды порталы арқылы тіркеу үрдісі салыстырмалы түрде қарапайым, бірақ мұқияттылықты талап ететін үдеріс болып табылады. Бастапқыда Қазақстан Республикасының электрондық үкімет порталында авторизациядан өту қажет. Қажетті қызметтерге қол жеткізу үшін студент электрондық цифрлық қолтаңбаны немесе SMS арқылы растау сияқты басқа аутентификация әдісін пайдаланып жүйеге кіруі керек.

Порталда сәтті авторизациядан кейін студент Денсаулық сақтау мәселелеріне арналған бөлімге өтіп, медициналық ұйымға тіркелуге байланысты қызметті таңдауы керек. Тұрғылықты жерін немесе уақытша тіркеуді дұрыс көрсетуге ерекше назар аудару да қажетті, өйткені бұл ақпарат қол жетімді емханаларды таңдауда шешуші болады. Оқу орнымен байланысты студенттік емханаға тіркелу туралы ақпаратты нақтылау үшін студент консерваторияның студенттер және түлектерімен жұмыс бөліміне жүгіне алады.

Тиісті емхананы таңдағаннан кейін студент қажетті дербес деректерді қамтитын электрондық нысанды толтыруы керек. Енгізілген деректердің дұрыстығына көз жеткізу маңызды, өйткені тіркеу үрдісінің сәттілігі осыған тікелей байланысты. Нысанды

толтыру аяқталғаннан кейін өтінімді қарауға жіберуге болады.

Өтінім өңделгеннен кейін студентке тіркеу нәтижесі туралы хабарлама беріледі. Процесс сәтті аяқталған жағдайда студент тіркеу мәртебесін «Е-gov» порталындағы жеке кабинет арқылы тексере алады. Аталған үдеріс студенттердің қажетті медициналық қызметтерге қол жеткізуін қамтамасыз етеді, бұл оқу қызметі жағдайында ерекше маңыздылыққа ие.

Студенттерді «ONAY» көлік картасымен қамтамасыз ету

Бірінші курс студенттерін Алматы қаласында қоғамдық көліктерде жеңілдікпен жол жүру мүмкіндігімен қамтамасыз ету мақсатында «ONAY» қоғамдық-әлеуметтік маршруттық көлік картасын ресімдеу рәсімі ұйымдастырылады. Бұл үрдісті студенттер және түлектермен жұмыс жасау бөлімі үйлестіреді.

Бастапқы кезеңде «ONAY» картасын ресімдеу үшін міндетті қажетті құжаттарды жинауды қамтиды. Тіркеу кезеңі аяқталғаннан кейін студенттер, үрдісті студенттер және түлектермен жұмыс жасау бөліміне картаны ресімдеуге өтініш береді. Өтінім тікелей бөлімде толтырылады, бұл қателерді жіберіп алмау үшін және тәуекелдерді азайтуға және ұсынылатын ақпараттың дұрыстығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Өтінім қабылданғаннан кейін бөлім барлық құжаттарды әрі қарай өңдеу үшін «Алматы көлік холдингі» АҚ на жібереді.

Келесі кезең - көлік картасын төлеу. Студенттерге онлайн және өзіне-өзі қызмет көрсету терминалдары арқылы төлеу мүмкіндіктерін қамтитын қол жетімді төлем әдістері туралы толық ақпарат беріледі. Өтінімді өңдеу және төлем аяқталғаннан кейін студенттерге картаны алу уақыты мен орны туралы ақпарат беріледі.

«ONAY» картасы іске қосылғаннан кейін ол, пайдалануға қол жетімді болады. Студенттер қоғамдық көлікті жеңілдетілген тариф бойынша пайдалана алады, бұл олардың қала бойынша ыңғайлы және қолжетімді қозғалысына ықпал жасайды.

Студенттерді тұрғылықты жері бойынша уақытша тіркеуге қою.

Студенттер және түлектермен жұмыс бөлімі Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 56-үй мекенжайы бойынша жатақханада тұратын білімгерлерді уақытша тіркеуге тұрғызу процесін ұйымдастырады. Студенттер, бөлімнің сұраныстарына сәйкес уақытша тіркеуге қажетті құжаттар жиынтығын ұсынуға

міндетті. Процесті оңтайландыру үшін бөлім студенттерге Халыққа қызмет көрсету орталығына (ХҚКО) қабылдауға жазылуға жәрдем көрсетеді және құжаттарды ұжымдық тапсыруды үйлестіреді. Осыдан кейін, студенттер белгіленген тәртіппен уақытша тіркеу рәсімінен өтеді. Бөлім тіркеудің барлық кезеңдерінің орындалуын бақылауды жүзеге асырады және осы рәсімнен өткен студенттердің есебін жүргізеді.

Шетелдік студенттерді көші-қон полициясына есепке қою

Шетелдік студенттерді Алматы қаласының көші-қон полициясына есепке қою қалалық полиция департаментінің көші-қон қызметі басқармасы арқылы жүзеге асырылады. Жергілікті оқу орындарында оқитын шетелдік студенттер Қазақстанға келгеннен кейін заңнамада белгіленген мерзімде тіркеу рәсімінен өтуге міндетті. Ол үшін келесі құжаттарды ұсыну қажет: паспорт немесе басқа жеке басын куәландыратын құжат, виза немесе көші-қон картасы, сондай-ақ оқу орнынан оқу фактісін растайтын анықтама. Университет, әдетте, қажетті құжаттарды дайындауға және көші-қон органдарымен үйлестіруге көмек көрсетеді. Көші-қон қызметі басқармасына құжаттарды тапсырғаннан кейін студенттер елде болған кезеңіне уақытша тіркеледі. Студенттермен жұмыс бөлімі көші-қон заңнамасын бұзбау үшін уақтылы тіркеуді бақылауды жүзеге асырады.

Ер азамат студенттерін әскери есепке тіркеу.

Консерваторияда әскерге шақыру жасына жеткен ер азамат студенттерді міндетті түрде әскери есепке қою рәсімі жүзеге асырылады. Барлық білім алушылар, тұрақты немесе уақытша тіркелген жері бойынша әскери комиссариатта есепке тұруға міндетті. Консерватория әкімшілігі студенттерді осы рәсімнен өту қажеттілігі туралы алдын ала хабардар етеді және қажетті құжаттарды дайындау бойынша егжей-тегжейлі нұсқаулар береді. Осыдан кейін, студенттер, жиналған құжаттарды, соның ішінде жеке куәлікті және олардың оқуын растайтын анықтаманы тиісті әскери комиссариатқа тапсыруы керек. Студенттермен жұмыс бөлімі осы талаптың уақтылы орындалуын бақылайды және тиісті әскери органдарға есеп бере отырып, есеп жүргізеді.

Студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарымен өзара әрекеттесу және студенттік клубтардың қызметін қолдау.

Студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарымен, соның ішінде көптеген студенттік клубтармен жұмыс, оқу орны өмірінің маңызды бөлігі болып табылады. Әкімшілік пен Студенттер және түлектермен жұмыс бөлімі жастардың бастамаларын қолдауда шешуші рөл атқарады, олардың әлеуетін ашуға және өз ойын білдіруге жағдай жасауға көмектеседі.

Әр студенттің мәдениеті, ғылымы, спорты немесе әлеуметтік қызметі болсын, өз қызығушылықтары бойынша клуб табуға немесе құруға мүмкіндігі бар. Әкімшілік бұл бастамаларды мақұлдап қана қоймай, қажетті ресурстарды, техникалық қолдауды және іс-шараларды өткізуге арналған орындарды ұсына отырып, оларды жүзеге асыруға белсенді түрде ықпал етеді. Осының арқасында студенттік өмір, жарқын болады, бұл әркімге іс-шараларды ұйымдастыруда өзін көрсетуге, пікірлес адамдарды басқаруға және көшбасшылық қасиеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

Студенттік клубтардың қызметін үйлестіру олардың көшбасшыларымен үнемі өзара әрекеттесу арқылы жүзеге асырылады. Бөлім кеңес береді, ұйымдастырушылық мәселелерді шешуге көмектеседі және олардың қызметін оқу орнының құндылықтары мен миссияларына сәйкес бағытқа бағыттайды. Осының арқасында студенттік өзін-өзі басқару тек бос уақыт құралына ғана емес, сонымен қатар жеке өсу мен кәсіби дамуға ықпал ететін білім беру процесінің маңызды бөлігіне айналады.

Бұл жұмыс студенттер қауымдастығын нығайтып қана қоймай, әр дауыс маңызды және әр идеяны жүзеге асыруға болатын қолайлы атмосфераны қалыптастырады.

Студенттерді міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне тіркеу.

Әр оқу жылының басында консерватория әкімшілігі ұлттық білім беру деректер базасы (ҰБДБ) арқылы студенттерді міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесіне тіркеу процесін жүзеге асырады. Бұл процесс студенттерге мемлекеттік бағдарлама арқылы денсаулық сақтау қызметтеріне қол жетімділікті қамтамасыз ету арқылы медициналық қорғауды қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады.

Студенттер және түлектермен жұмыс жөніндегі бөлім жеке құжаттарды, тіркеу туралы ақпаратты және МӘМС-ке қатысу

мәртебесін қоса алғанда, білім алушылардың деректерін жинауды және жаңартуды жүргізеді. Барлық мәліметтер ҰБДБ-ға беріледі, бұл студенттердің деректерін Ұлттық медициналық сақтандыру жүйесімен синхрондауға мүмкіндік береді.

Тіркеу рәсімі заңнамалық нормаларға толық сәйкес жүзеге асырылады, бұл студенттердің денсаулығын қорғауға және медициналық қызметтерді уақтылы алуға кепілдік береді. Бағдарлама консерваториядағы барлық білім алушылардың әл-ауқатын қамтамасыз ететін қолдау жүйесін құруға ықпал етеді.

Студенттерге психологиялық қолдау көрсету

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында студенттерге психологиялық көмек көрсету бойынша белсенді жұмыс жүргізуде, оны білікті маман-психолог жүзеге асырады. Бұл әлеуметтік қолдау білім алушыларға стресстік жағдайларды жеңуге, оқу процесіне бейімделуге, сондай-ақ, оқу кезеңінде туындауы мүмкін жеке және эмоционалдық мәселелерді шешуге көмектесуге бағытталған.

Психологиялық көмекке эмоционалды тұрақтылықты дамытуға, тұлғааралық қатынастарды жақсартуға және студенттердің жалпы психологиялық әл-ауқатын арттыруға бағытталған жеке консультациялар, топтық сессиялар мен тренингтер кіреді. Психологтың жұмысы әр студентті қолдау мен түсіністікті сезінетін оқу орнында қолайлы атмосфераны құруға ықпал етеді.

Кураторлық сағат

Консерваториядағы кураторлық сағаттар Е. Рахмадиев атындағы Үлкен Орган залында өткізіледі және апта сайын сәрсенбі күні сағат 12:30-дан 14:00-ге дейін ұйымдастырылады. Бұл кездесулер білім алушылардың академиялық, ұйымдастырушылық және жеке мәселелерін шешуге бағытталған тәрбие жұмысының маңызды бөлігі болып табылады. Кураторлық сағат шеңберінде студенттердің үлгеріміне, оқу процесін ұйымдастыруға қатысты мәселелер қаралады, сондай-ақ студенттік өмірдің әртүрлі аспектілері түсіндіріледі.

Медиа тұлғаларды және әртүрлі кәсіби салалардың көрнекті өкілдерін шақыруға ерекше назар аударылады. Кураторлық сағатқа тартылатын қонақтар студенттермен өз тәжірибелерімен, кәсіби білімдерімен және көзқарастарымен бөліседі, ашық диалог алаңын жасайды.

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының білім алушыларының мінез-құлық ережелері

1. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы Білім алушыларының құқықтары

Құрманғазы атындағы ҚҰК-ның білім алушылары өзінің мәртебесіне сай құқықтары бар:

- 1.1 Қазақстан Республикасының конституциясына, ҚР Білім және ғылым министрлігінің нормативтік құқықтық актілеріне, Құрманғазы атындағы ҚҰК-ның жарғысына сәйкес білім беру қызметін алуға;
- 1.2 ЖОО-ң оқу-материалдық базасын, кітапханалық қорын, оқу құралын, оқу-әдістемелік құралдарын, Құрманғазы атындағы ҚҰК-ң бағдарламалары мен өңдеулерін, ЖОО-ның бұйрығына сәйкес пайдалануға;
- 1.3 оқу және әлеуметтік тұрмыстық мәселелерімен консерватория басшылығына жүгінуге;
- 1.4 студенттік өзін-өзі басқару органдарының жұмысына қатысуға;
- 1.5 өз пікірін және сенімділігін еркін және қисынды түрде білдіруге;
- 1.6 өзінің адами қадір-қасиетін құрметтеуге;
- 1.7 оқудағы, ғылымдағы, шығармашылық және қоғамдық қызметтегі табысы үшін ынталандыру және марапаттауда.

2. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында білім алушыларының міндеттері

Құрманғазы атындағы ҚҰК-ның білім алушысы консерватория ғимаратында, жатақханада және олардан тыс жерлерде міндетті:

- 2.1 Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, мемлекеттік рәміздерге, әнұранға, мемлекеттік тілге, ұлттық мәдениетке, Қазақстан Республикасының тарихына құрмет көрсетуге;
- 2.2 ұлтаралық бірлік пен келісімді нығайтуға жәрдемдесу, басқа тілдерге, халықтардың салт-дәстүріне құрметпен қарауға;
- 2.3 «оқушының мінез-құлық ережелері», «Оқушының әдеп кодексі», «Жатақханада тұру ережелері», «Концерттерді ұйымдастыру ережелері» және Құрманғазы атындағы ҚҰК-ның басқа да нормативтік актілерін сақтауға;
- 2.4 консерватория әнұранын, логотипін, туын құрметтеу, консерваторияның имиджі мен беделіне нұқсан келтіретін әрекеттер жасамауға;

2.5 Құрманғазы атындағы ҚҰК-ның дәстүрлерін құрметтеу, консерваториямен оның ұжымына деген қоғамның сенімін сақтауға және нығайтуға;

2.6 жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дініне, нанымына, тұрғылықты жеріне, дүниетанымына немесе кез-келген басқа жағдайларға қарамастан адам мен азаматтың ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

2.7 аға буын өкілдерімен, оқытушылармен, қызметкерлермен, әкімшілікпен, студенттермен және басқа да адамдармен қарым-қатынаста сыпайылық, ықыластылық, әдептілік көрсетуге;

2.8 оқытушылармен, басшылықтармен қарым-қатынасында дәреже сатысын сақтау. Консерватория әкімшілігінің өкілдері, оқытушылар мен дәріскер аудиторияға кіргенде амандасу белгісі ретінде, құрметпен орнынан тұруға;

2.9 лауазымды тұлғаларға олардың функциялары мен міндеттерін орындауға кедергі жасамауға және қиындықтар туғызбауға;

2.10 сабақтарға, концерттерге және басқа да іс-әрекеттерге кедергі келтіретін қылықтарға мүмкіндік бермеу, сабақ барысында ұялы телефонды қолданбау;

2.11 оқу тәртібін қатаң сақтау, Сабақ кестесін сақтауға, ұқыпты болуға және кез-келген іс-шараларға, сабақтарға уақытында болуға;

2.12 сабаққа келе алмаған жағдайда, оқытушыға, факультет деканына дереу хабардар етіп, денсаулық сақтау мекемелерінде берілетін арнайы анықтаманың жабылған сәттен кейін факультет деканы мен оқытушыға көрсетуге;

2.13 өз міндеттерін абыроймен және сапалы орындауға, консерваторияның және басқа да лауазымды тұлғалар мен әкімшіліктердің тапсырыстарын орындауға барлық күш-жігерін жұмсауға;

2.14 ректордың бұйрығын, сонымен қатар барлық проректорлар мен декандардың, кафедра меңгерушілері мен кураторлардың өкімдерін орындауға, оқытушылардың, ЖОО қызметкерлерінің, күзетшінің, көмекші қызметкерлердің талаптарын сондай-ақ өндірістік қажеттілігіне орай жобалардың координаторлары мен оркестр дирижерлары, корпус және жатақхана кезекшілердің тапсырмалары мен талаптарын орындауға;

2.15 консерватория аумағында және одан тыс жерлерде заңсыз әрекеттерді болдырмауға және жолын кесуге;

- 2.16 (музыкалық аспаптар, құрал-жабдықтар, оқу-әдістемелік құралдар, аспаптар, кітаптар, жиһаз, спорттық жабдықтар және т.б.) консерваторияның материалдық мүлкіне ұқыпты, мұқият қарауға;
- 2.17 консерватория корпусы мен үлкен концерт залының кіреберісінде киім ілгішке сыртқы киімді өткізуге;
- 2.18 консерватория аумағында, жатақханада және одан тыс жерде вандализм жағдайларын болдырмауға және жолын кесуге (концерт залдарында, спорт ғимараттарында және т.б.);
- 2.19 кітапханалық-ақпараттық ресурстарға мұқият және құрметпен қарауға, сонымен қатар асханада, концерттік залдарда (кіші, камералық, үлкен), спорт залдар мен техникалық бөлмелерде тәртіп пен тазалық сақтауға;
- 2.20 консерваторияның мүлкіне келтірілген залалды өтеуге;
- 2.21 оқу жылдың басында музыкалық аспаптардың барлық түрлеріне уақтылы өтемақы төлеуге;
- 2.22 қызметкерлер мен студенттердің, сондай-ақ басқа азаматтардың жеке мүлкін ұрлауға жол бермеуге және тоқтатуға;
- 2.23 этикалық нормаға сәйкес сыртқы түрін сақтауға, жағымды көрінуге;
- 2.24 салауатты өмір салтын ұстануға, мәдени, рухани және денсаулық деңгейін жақсартуға, консерваторияның әлеуметтік-мәдени, ғылыми, концерттік өміріне белсенді қатысуға;
- 2.25 балағаттамауға, дөрекі сөйлемеуге, консерваториядағы тәртіпті тұрақсыздандыруға бағытталған сонымен қатар басқа студенттерге, оқытушыларға, қызметкерлер мен әкімшіліктің беделін түсіру мақсатымен жалған ақпараттарды таратпауға;
- 2.26 консерваторияның өкілі ретінде кез-келген дәрежедегі іс-шараларға қатысуда(семинарларға, конференцияларға, фестивальдерге, концерттерге және т.б.) консерваторияның беделін және абыройын сақтау;
- 2.27 студенттік өзін-өзі басқару жүйесіне бағытталған іс-әрекетті нығайтуды ықпал етуге, студенттердің шығармашылық қызметін дамытуға (ғылыми-білім беру, спорттық, көркемөнер, концерттік, ұйымдастырушылық, тәрбиелік және т.б.), корпоративтік мәдениетті пен консерваторияның мәртебесін нығайтуға бағытталған іс-шараларға көмектесуге;
- 2.28 сыбайлас жемқорлық, құқық бұзушылықты немесе сыбайлас жемқорлықпен байланысты әрекеттерді болдырмауға;

2.29 егер сыбайлас жемқорлық, құқық бұзушылық туралы нақты ақпарат болса, әкімшілікке (факультет деканы, проректор немесе ректорға) хабарлауға.

3. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының білім алушыларына

Тиым салынады:

3.1 Басшылықтың рұқсатынсыз Құрманғазы атындағы ҚҰК атынан ақпараттық құрал желілерінде, жиындарда және басқа да қоғамдық іс-шараларда сөз сөйлеуге;

3.2 Құрманғазы атындағы ҚҰК-сы мен жатақхана аясында және басқа да жерлерде орын алған заңсыз жиындарға, арыздық шараларға, қоғамдық митингілерге және басқа да заңсыз науқандарға қатысуға;

3.3 Құрманғазы атындағы ҚҰК-сы мен жатақхана аясында және өзге жерлерде заңсыз жиындарды, арыздық шараларды, қоғамдық митингілер мен басқа да заңсыз науқандарды ұйымдастыруға;

3.4 Құрманғазы атындағы ҚҰК мүддесіне қайшы келетін кез-келген іс-шараға қатысуға;

3.5 Құрманғазы атындағы ҚҰК аясында, жатақхана аясында және өзге жерлерде ақша немесе басқа да дүние-мүлік бәске тігілетін құмарлық ойындар ойнауға;

3.6 Құрманғазы атындағы ҚҰК аясында, жатақхана аясында және өзге жерлерде мемлекеттік мүлікті ұрлауға және ұрлыққа септігін тигізуге;

3.7 Құрманғазы атындағы ҚҰК аясында, жатақхана аясында және өзге қоғамдық жерлерде жыныстық қарым қатынас белгілерін көрсетуге;

3.8 Оқу аудиторияларында, концерттік және оқу залдарда сонымен қатар басқа да тамақтануға арналмаған жерлерде азықтану;

3.9 Құрманғазы атындағы ҚҰК-ның ғимаратында, жатақханада, сол сияқты рұқсатсыз аумақтарда темекі шегуге;

3.10 Құрманғазы атындағы ҚҰК-ның ғимаратында, жатақханада, алкогольдік және нашақорлық жағдайда жүруге, сонымен қатар спирттік, психотроптық және нашақорлық заттарды сатуға, пайдалануға;

3.11 Құрманғазы атындағы ҚҰК ішінде діни бірлестіктер мен ұйымдар құруға;

3.12 Құрманғазы атындағы ҚҰК аумағында діни ғибадат жасауға және басқа да діни іс-шаралар орындауға;

- 3.13 студенттерді діни бірлестіктер мен ұйымдарға күштеп кіргізуге;
3.14 Құрманғазы атындағы ҚҰК аясында, жатақхана аясында діни және экстремистік сипаттағы насихаттар жүргізуге, дін аралық жанжалдарды туғызуға;
3.15 діни көзқарастарына орай өзінің өзге міндеттерін орындамауға;
3.16 Құрманғазы атындағы ҚҰК аясында, жатақхана аясында діни кітаптар мен өзге де діни сипаттағы заттарды таратуға;

Құрманғазы атындағы ҚҰК-ның өнер саласының жоғарғы оқу орны (ЖОО) ретіндегі орнын ескере отырып оқушылардың кәсіби біліктілігін арттыру үшін консерватория беделін өсіру мен дәстүрлерін сақтау мақсатында оқу процесінің ажырамас бөлігі ретінде ҚР шеңбері мен шет аймақтарда конкурстар, конференциялар және тағы да басқа гастрольдік концерттік іс- шаралар өткізіліп отырады. Осы іс-шараларға қатысу үшін студенттер өнер ұжымдарының құрамына енуі мүмкін. Іс- шаралардың жоғарғы дәрежеде өткізілу мақсатында Құрманғазы атындағы ҚҰК басшылығымен ҚР азаматтары санатынан немесе шет ел азаматтары санатынан кәсіби мамандар шақырыла алады.

Гастрольдік концерттерге, конкурстарға және фестивальдерге студенттердің қатысуы Құрманғазы атындағы ҚҰК басшылығының оларға деген ерекше сенімінің көрінісін білдіртеді.

4. Өндірістік қажеттілік және Консерваторияның шығармашылық жоспарына байланысты білім алушылардың міндеті:

4.1 Консерваторияның шығармашылық ұжымдарына (ансамбль, оркестр дайындықтарына), іс-шараларына (концерттерге, конкурстарға, фестивальдерге, конференцияларға және т.б.) және басқа да Қазақстан аумағы мен шетелдердегі концерттер мен іс-шараларға оқу-жұмыс бағдарламаларында т.б. нормативтік құжаттарда жазылса да, сонымен қатар курсқа, әлеуметтік, қызметтік және мүліктік жынысы, ұлты, тілі, дінге қатысы, сенімдеріне, мекен жайына, шақырылған маманға болмаса кез- келген басқа жағдайларына қарамастан қатысуға.

5. Ішкі және шетел іс-сапарларында оқушыларға тыйым салынады:

5.1 Өз еркімен дайындық шараларынан, концерттік залдардан, басқа да іс-шаралар орнынан, қонақ үйлер мен өзге тұрақ мекендерінен кетуге;

5.2 жауапты тұлғаның рұқсатынсыз дайындық іс-шарасынан бос уақытта жеке жұмыстарымен (серуенге, дүкенге, кафе т.б.) кетіп қалуға;

5.3 алкогольдік және нашақорлық заттарды тұтыну мен сатуға;

5.4 өкілетті және өзге тұлғалардың (шығармашылық ұжым серіктестеріне, жоба басшыларына, дирижерлерге және т.б.) ісіне араласу арқылы, сөз таластыру арқылы, кешігу арқылы жұмысын қиындатуға.

Осы ережелерді бұзған тұлға Құрманғазы атындағы ҚҰК білім алушысы санатынан шығарылады.

6. Студенттер оған жұмсалған қаржылық шығындарды келесі жағдайда толығымен қайтару қажет:

6.1 Кез-келген көлікке(самолет/поезд/автобус және т.б.) кешіккен жағдайда;

6.2 туыстарының үйінде немесе басқа адамдардың үйіне тұрақтап қонақ үйде қонбаған жағдайда;

6.3 іс-сапар мерекелеріне, байқауларға, фестивальдерге, конференцияларға қатысудан бас тартқан жағдайда.

Консерваторияда білім алу студенттердің негізгі міндеті болып табылады және сабақ уақыт кезінде басқа жерде еңбек етумен сабақтаспайды.

7. Білім алушының кез-келген шығармашылық ұжымдарға жұмысқа орналасқан жағдайдағы міндеттері:

7.1 Оқу орнынан консерваторияның күндізгі бөлім студенті екендігін растайтын анықтаманы жұмыс берушіге беру арқылы уақытысында ескерту;

7.2 жұмыс орнынан жұмысын растайтын анықтаманы Консерватория әкімшілігіне беру арқылы ескертуге;

7.3 жұмысқа орналасу себебінен сабаққа, іс-шараларға қатыспауды болдырмауға;

Студент осы жоғарыда жазылған ережелердің және басқа да Құрманғазы атындағы ҚҰК-ның нормативтік ережелерінің

бұзылғандығын байқаған жағдайда дереу консерватория әкімшілігіне ескерту қажет.

Құрманғазы атындағы ҚҰК-ның ережелерін және консерватория бөлімшесінің басшылығымен (кафедра меңгерушісі, факультет Деканы, Проректор және Ректор) бекітілген нормативтік ережелерді ұстанбаған жағдайда студентке келесі түрде әкімшілік жаза қолданады:

1. Ескерту.
2. Сөгіс.
3. Қатаң сөгіс.

Жоғарыда айтылған шаралармен ереже бұзақылық жасауға көмектескен жағдайда және оны жасырған жағдайда қолданыла алады.

Құрманғазы атындағы ҚҰК-ның нормативтік ережелері дөрекі түрде бұзылған жағдайда консерватория бөлімшесінің басшылығымен (факультет Деканы, Проректор және Ректор) жазылған рапорт негізінде студент ешқандай әкімшілік жазасыз Консерваторияда оқудан шегеріледі.

Моральдық-этикалық нормаларды бұзғаны үшін оқудан шығарылған студент болашақта Құрманғазы атындағы ҚҰК-ның құрамына қайта қалпына келтіріле алмайды және қандай негізде болмасын(грант, мемлекеттік тапсырыс) консерваторияда оқуға жіберілмейді.

Оқудағы, ғылыми-әдістемелік, концерттік, қоғамдық жұмыстағы жетістіктері үшін және Құрманғазы атындағы ҚҰК беделінің жоғарлауына үлесін қосқаны үшін студент келесі түрде ынталандырылады:

1. Жеке іс-парағына енгізе отырып алғыс жариялаумен;
2. бөлім басшысының қолтаңбасымен алғыс хат ұсынумен;
3. ақшалай сыйақы табыстаумен.

КІТАПХАНА



Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының ғылыми-ақпараттық кітапхана қызметі – пайдаланушыларға ұлттық және әлемдік деңгейдегі құжаттық ресурстарға қолжетімділікке мүмкіндік беретін, Қазақстанның музыкалық өнері мен музыкалық білімі саласындағы ірі кітапхана.

Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық консерваториясының екі ғимаратында кітапхана бөлімі оқырмандарға қызмет көрсетеді.

Бұған оқу залы «А» корпусы (ескі), оқырмандарға қызмет көрсету, қорларды жиынтықтау, өңдеу және сақтау бөлімі, оқу абонементі, электрондық ресурстар бөлімі «Б» корпусы (жаңа) кіреді.

КІТАПХАНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Оқырмандарға қызмет көрсету, қорларды жиынтықтау, өңдеу және сақтау бөлімі - оқу әдебиетін беру мен қабылдауды жүзеге асырады. Кітапхана қорының сақталымдылығын, сақтау режимін, жөндеуді, қайта қалпына келтіруді қамтамасыз етеді, кітап көрмелерін, оқу және ғылым үдерістеріне көмектесетін жаңа кітаптардың тұсаукесерлерін ұйымдастырады. Бөлім сондай-ақ, баспа басылымдарын жинақтауды, жүйелеуді, каталогтауды, ғылыми және техникалық өңдеуді жүзеге асырады. Түсілімдердің

жалпы және жеке есебін жүргізеді. Дәстүрлі түрдегі қызметтік каталогты жасауды, электронды каталогты жүргізу мен редакциялауды жүзеге асырады. Мамандықтар мен пәндердің кітаппен қамтамасыз етілу картотекасын жүргізеді.


Оқу абонементі – кітапхана қабырғасынан тыс жерде пайдалануға арналған әдебиетті беруді қарастыратын кітапханалық қызмет көрсету түрі. Оқырмандарды кітапханаға тіркеу жүргізіледі. Консерватория қызметкерлері мен профессорлық оқытушылар құрамына, докторанттар мен магистранттарға, барлық курстың студенттеріне қызмет көрсетіледі. Қорда оқу материалдары бар. Оқырман қажетті әдебиетті 30 күнтізбелік күнге немесе бір семестрге (сұранысқа байланысты) алады. Оқырмандар көктемгі- жазғы семестр біткен бойда (15 маусымға дейін) қолдарындағы бар әдебиетті барлығын өткізуге міндетті. Қызметтердің түрлері – оқырмандарға жеке қызмет көрсету, оқырмандарға топтық қызмет көрсету (оқулықтар жиынтығын тұтас семестрге беру).

Оқу залы - студенттерге, магистранттарға, докторанттарға, профессорлық оқытушылық құрамға арналған. Оқу залында оқулықтар, оқу құралдары, ноталық басылымдар, әлеуметтік-гуманитарлық пәндер мен құқықтық (тарих, философия, саясаттану, әлеуметтану, жантану, мәдениеттану, этика, эстетика, дінтану) жөніндегі әдебиеттер қойылған. Оқу үдерісі мен ғылыми жұмысқа көмек ретінде ғылыми әдебиеттер, анықтамалықтар, сөздіктер, энциклопедиялар, диссертациялар, авторефераттар, мерзімдік басылымдар ұсынылады. Халықаралық ақпараттық ресурстарға, Консерваторияның толықмәтінді басылымдары бар ИРБИС электронды каталогына қолжетімділік қамтамасыз етілген.

Ғылыми-ақпараттық кітапхана және электрондық ресурстар бөлімі-Құрманғазы атындағы ҚҰК Электронды кітапханасының мәліметтер базасын білім беру және ғылыми бағдарламаларға сәйкес қалыптастырады. Бөлімде ай сайын студенттерге оқу жоспарымен бекітілген әртүрлі тақырыптар мен пәндер шегін кеңейтетін ақпаратпен танысуға мүмкіндік беретін ақпараттық және тақырыптық көрмелер ұйымдастырылады. Мәліметтер базасында тіркелу мен іздеу жөніндегі үйрететін семинарлар, тренингтер өткізіледі, виртуалды кітап көрмелерін, ақпараттық мәдениетті қалыптастыру жөніндегі шаралар ұйымдастырылады.

Электронды оқу залы Құрманғазы атындағы ҚҰК ҒАКҚ электронды қорына қолжетімділікті және ақпараттық-библиографиялық қызметтер көрсетуді қамтамасыз етуге арналған. Студенттер мен оқытушылар осы заманға сай құрал-жабдықтар (моноблок, проектор, теледидар, сканерлермен) жабдықталған электрондық залда Интернет желісі, ақысыз Wi-Fi мен электрондық ақпараттық ресурстарға қол жеткізе алады.

ПАЙДАЛАНУ ЕРЕЖЕЛЕРІ



Абонементті пайдалану ережелері:


1. Оқу абонементінде кітап және ноталық басылымдарды қолға беру жүзеге асырылады, бірақ бақылау, сирек және жалғыз даналары оқырмандарға берілмейді.

2. Оқырман қажетті әдебиетті 30 күнтізбелік күнге немесе бір семестрге (сұранысқа байланысты) алады. Оқырман алынған басылымдардың мерзімін, егер оған басқа оқырман тарапынан сұраныс болмаса, белгіленген тәртіппен ұзарта алады.

3. Оқырман әдебиетті белгіленген мерзімнен артық пайдаланғаны үшін ескерту алады, ал содан соң абонементті пайдалану құқығынан 1 ай мерзімге айырылады.

4. Кітапхана қорынан кітаптарды және басқа да материалдарды алған кезде оқырман басылымдарды мұқият қарап шығуға және қандай да бір кемшіліктер анықталған жағдайда бұл туралы кітапханашыға хабарлауға міндетті. Олай болмаған жағдайда басылымның бүлінуі үшін соңғы пайдаланған оқырман жауапты болады.

5. Абонементте алынған әрбір басылым данасы үшін оқырман қолын қойып, кітап формулярына алған күнін жазады. Кітап формуляры басылымды беру мен қайтару фактісін куәландыратын құжат болып табылады. Кітап пен ноталық басылымдарды беру жабылардан 15 минут бұрын тоқтайды.



Оқу залын пайдалану ережелері:

1. Оқу залынан әдебиетке тапсырыс берерде оқырмандар оқырман билетін көрсетеді, оқырман сұранысы талабын толтырады және тапсырысты алған кезде кітап немесе ноталық басылымның формулярына қол қояды.

2. **Назар аударыңыз!** Оқу залынан әдебиетті алып шығуға болмайды. Аталған ережені бұзған оқырмандар кітапхана қызметін пайдалану құқығынан 1 ай мерзімге айырылады.

3. Энциклопедиялар, анықтамалықтар, мерзімді және қосалқы қордың басқа да басылымдары тек оқу залында пайдалануға беріледі.

4. **Назар аударыңыз!** XIX ғасырдың 2-жартысы мен XX ғасырдың 1 жартысында жарық көрген кітап және ноталық басылымдардың көшірмесін жасауға мәтіннің бұзылу ықтималдығына байланысты тыйым салынады. Олармен электронда нұсқада танысуға болады. Олармен электронда нұсқада танысуға болады.

5. Оқу залынан шығарда оқырман барлық басылымдарды өткізуі тиіс.

6. Оқу залындағы басылымдарды өткізу жабылардан 15 минут бұрын тоқтатылады.



Электронды залды пайдалану ережесі:

1. Кітапхананың Электронды залын пайдалану үшін пайдаланушы кітапханашыға оқырман билетін көрсетсе (бірінші курс студенттері оқырман билетін алғанға дейін жеке куәлігін көрсетеді) жеткілікті.

2. Пайдаланушының компьютерлермен жұмыс жөніндегі және қажетгі ақпаратты іздеу бойынша кітапхана қызметкерлерінен кеңес алуға, компьютердегі қолжетімді бағдарламаларды пайдалануға құқығы бар.

3. Жеке немесе сатып алынған электрондық дерекқорлар мен кітапхананың электрондық каталогындағы толық мәтінді құжаттарды монитор экранынан оқу арқылы тек білім алу, ғылыми және зерттеу мақсаттарында пайдалануға болады.

4. Магистранттар, докторанттар және оқытушылар Консерваторияның ғылыми шығармашылық қызмет және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректорының жазбаша келісімі бойынша ксерокөшірме, суретке түсіру және сақтау бөлмесінен шығару құқығынсыз диссертациялармен таныса алады.

5. Бакалавриат диплом жұмыстары, магистранттар және докторанттар диссертацияларының PDF-форматындағы құжаттарымен электронды және дәстүрлі нұсқада оқу арқылы танысуға болады.

6. Құрманғазы атындағы ҚҰК сирек кітаптар Виртуалдық кітапханасының PDF форматындағы сирек басылымдарымен құжаттарды электронды нұсқада оқу арқылы танысуға болады.

7. Қордың сақталуын қамтамасыз ету және авторлық құқықты сақтау мақсатында диссертациялар, сирек, құнды кітаптар, бақылау даналары, энциклопедиялар ксерокөшірмелеуге жатпайды.

8. Электрондық залдағы компьютерлерді пайдалану кезінде бағдарламалар мен компьютерлік техникадағы қателер немесе

ақаулар туралы кітапхана қызметкерлерін дереу хабардар ету керек. Жұмысты аяқтағаннан кейін барлық бағдарламаларды жауып, жұмыс орнын ретке келтіру керек. Пайдаланушы бағдарламалары мен файлдары сақталмайды.

9. Рұқсат етілмейді:

- компьютердің конфигурациясы мен параметрлерін өзгертуге;
- бағдарламалық жасақтаманы орнатуға;
- өткізгіштер мен олардың қосылымдарына тиісуге;
- қандай да бір құрылғыларды қосып, ажыратуға;
- флеш-жинақтағыштарды, дискілерді пайдалануға;
- компьютермен жұмыс орнында электр нүктелерін және компьютерді қуаттағыш құрылғыларға пайдалануға;
- интернет желісіне қолжетімділікті коммерциялық мақсатта пайдалануға және Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзатын ақпаратты қарауға;
- интернет желісінен дыбыстық және бейнеақпараттарды, бағдарламалық өнімдерді жүктеуге;
- танысу сайттарына, ойындарға және басқа да оқу сабақтарына қатысы жоқ сайттарға кіруге;
- жекеменшік және сатып алынған электронды мәліметтер базалары мен электронды каталогтың толықмәтінді құжаттарын коммерциялық мақсаттарға пайдалануға.

10. Компьютермен жұмыс жабылардан 15 минут бұрын тоқтатылады.

11. Компьютерлер мен қосалқы құрылғыларды (көшірме аппараттарын) қосуды, ажыратуды және қайта жүктеуді тек қана кітапханашы жүзеге асырады.

КІТАПХАНАНЫҢ ЖҰМЫС УАҚЫТЫ

КІТАПХАНАНЫҢ ЖҰМЫС УАҚЫТЫ

ОҚУ АБОНЕМЕНТІ: «Б» корпусы (жаңа), 3 қабат, 315 кабинет:

Дүйсенбі – Жұма: 09:00-ден 18:00-ге дейін. (**үзіліс:** 13:00-ден 14:00-ге дейін)

Сенбі, жексенбі – демалыс

ЭЛЕКТРОНДЫ ЗАЛЫ: «Б» корпусы (жаңа), 3 қабат, 318 кабинет:

Дүйсенбі – жұма: 09:00-ден 18:00-ге дейін. (**үзіліс:** 13:00-ден 14:00-ге дейін)

Сенбі, жексенбі – демалыс

ОҚУ ЗАЛЫ: «А» корпусы (ескі), 2 қабат, 200 кабинет:

Дүйсенбі – жұма: 08:00-ден 20:00-ге дейін. (**үзіліс:** 13:00-ден 14:00-ге дейін)

Сенбі – 09:00-ден 14:00-ге дейін

Жексенбі – демалыс

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Әр айдың соңғы жұмасы – ТАЗАЛЫҚ КҮНІ.

Ғылыми-ақпараттық кітапхана қызметі туралы мәліметтер <http://www.conservatoire.edu.kz/kz/jirbis2/gylым-akparattyk-kitaphana-kызmeti/> сайтында.



Заманауи ақпараттық технологиялар негізінде қашықтағы пайдаланушылар үшін қызмет көрсетудің жаңа сапалы деңгейіне

өтуді қамтамасыз ететін, қызметтерін тәулік бойы пайдалануға болатын заманауи электрондық кітапхана парақшасы:
<http://185.217.181.84:8087/JIrbis2/>



Бұл нұсқаулық сізге Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясының өмірі және тыныс-тіршілігімен танысуға көмектеседі деп үміттенеміз. Осы жолдағы әрбір қадамдарыңыз сіздерге жаңа білім, шығармашылық жаңалықтар және ұмытылмас тәжірибе әкелсін!